

Оспанова Гулмира Жархимбековна

КМҚК №180 бөбекжай-балабақшасы, Тәрбиеші

Алматы қаласы, Түркісіб ауданы

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудағы сенсорлық ойындардың маңызы

Балалық шақ – баланың сенсорлық дамуының қарқынды кезеңі болып табылады. Бұл кезде баланың заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеттері мен байланыстарын, кеңістік пен уақытты бағдарлауы жетіледі. Заттармен іс-әрекетте бала оның түсін түрін, қасиеттерін біле бастайды. Баланың сенсорлық дамуының бір-бірімен байланысты екі жағы бар:

Біріншісі – заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері жөніндегі түсініктерді меңгеруі;

Екіншісі – қоршаған ортаны толықтай және жекелей қабылдауға жаңа әрекетін игеруі.

Сенсорлық тәрбие - түйсік пен қабылдаудың бірдей дамуы. Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап-ақ өзін қоршаған заттардың қасиетін түсініп, талпыныс пайда болады. Қабылдаудың ерекше қасиеті балалар жақын адамдарды тани алатындығы. Бөтен адам көрсе жатырқап жылайды. Ал заттарды қабылдау дағдысы ұмтылу іс-әрекеттері арқылы жасалады. Сенсорлық тәрбие баланың сезім мүшелерінің дамуына, дүниені түсініп тануына әрекет жасайды.

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды

қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес. Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Суретте бейнеленген затпен ұқсастықты алу үшін бала оның пішіні, түсінің ерекшеліктерін нақты меңгеруі тиіс. Құрастыру заттың пішінін, оның құрылымын зерттеуді қажет етеді. Бала бөлшектердің ара-қатынасын кеңістікте анықтайды және үлгінің қасиеттерін қолдағы материалдың қасиеттерімен сәйкестендіреді. Заттардың сыртқы қасиеттеріне ұдайы бағдарсыз табиғаттың тірі және өлі құбылыстары туралы нақты ақпарат алу мүмкін емес. Қарапайым математикалық элементтердің қалыптасуы геометриялық пішіндермен танысудан, көлемі бойынша заттарды салыстырудан басталады. Ойын – өзінше бір мектеп, сол арқылы бала дүние туралы түсініктерді игереді. Көптеген ойындардың мазмұнына әндер, тақпақтар енгізіледі. Осының бәрі баланың сенсорлық тәрбиесінің әсерленуіне мүмкіндік береді. Бала ойын арқылы күш жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Ойын баланы тек дене жағынан жетілдіретін қимыл-қозғалыс, іс- әрекет қана емес, оларды ой еңбегіне баулу, түсініктерін дамыту құралы болып табылады. Балалар үйіндегі балалардың сенсорлық тәрбиесін дамыту үшін біздің міндеттеріміз: мәдени – гигиеналық машықтарға тәрбиелеу, ой – қиялын белгілі дәрежеде өсіру, бастаған ісін аяқтай білуіне жағдай жасау, айналамен таныстыру, ойын, еңбек машықтарына тәрбиелеу.

Дидактикалық ойыншықтар балалардың дербес әрекетін ұйымдастыру үшін пайдаланылады, себебі олар баланың ақыл - ойын, сенсорлық және тіл байлығын дамытады. Ойынның дамуы мен балалардың тұрмыс тіршілігін ұйымдастыруда ойыншықтарды баланың жасына лайықтап таңдап

орналастыра білудің маңызы ерекше. Егер бала өз бетінше ойын тандай алмай, мақсатсыз, әр нәрсені бір ұстап, онымен не істеу керектігін білмей отырса, көмектесу қажет. Мысалы: баланың қасына келіп құрылыс материалдан машина қоятын гараж жасайық деп бастап, енді өзің аяқта да ішіне машинаңды орналастыр - дейді. Топтағы ұялшақ, жасқаншақ балаларға ерекше көңіл бөліп, олардың өзіне деген сенімін оята білу керек. Жаздың ыстық кезінде суға, құмға қатысты ойындар ұйымдастыруы қажет. Бұл кезде балалар құмның сапасымен, не үшін қажеттілігін, судың қасиеттерімен танысады.

Сенсорлық ерекшелігі әр түрлі іс-әрекетте, бейнелеу өнерінде, құрастыруда, түрлі құбылыстарды бақылау кезінде заттардың қасиеттеріне қалай қолдана білуге үйрету. Заттармен құбылыстардың сенсорлық ерекшеліктері мен сапаларын іс- әрекет үстінде бекіту. Құрылыс материалдарын байланыстыра орналастыру білуге машықтандыру. Құрастыруды аяқтаған соң материалдарды ұқыпты түрде орын орынына жинап қоюды үйрету. Балалардың сенсорлық тәрбиесін ең алдымен бала айтқан сөзінді, тапсырманы түсіну керек. Сөзінді түсінбей бала ешқашан айтқаныңды істемейді.

Балалардың сенсорлық дамуын жетілдіруде ойын әдістері (дидактикалық ойындар), көрнекілік әдістері (дидактикалық құралдар, заттар), тәжірибелік – заттармен көрсететін іс-әрекеттер жатады. Атқарылатын іс-әрекеттердің формалары топтық, шағын топпен; жеке баламен жүргізіледі. Қоршаған әлемді тану - сезіну мен қабылдаудан басталады. Балалардың бойында неғұрлым сезіну мен қабылдау бай болса соғұрлым олардың қоршаған әлем туралы мәліметтері кеңірек және санқырлы болады, бала өзіне көбірек ақпарат жинайды. Осылайша, балалардың сенсорикалық мәдениеті, оның сезіну және қабылдауының даму деңгейі табысты танымдық іс-әрекеттердің маңызды алғы шарты болып табылады.

